

## «Насыр Смағұлов атындағы мектеп-лицейі» КММ

### Тәлімгердің және «Жас Ұлан» республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының

2023-2024 оқу жылындағы есебі

#### **1 қыркүйек** «Мектебім-мейірім мекенім»

атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиынға 1-11 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ән мен билерін ұсынды. Мереке барысында оқушыларды құттықтап, өз тілегін білдіріп, Ерейментау қаласының



әкімі Муқатов Нурлан Зияйденович келді. Өкім ұстаздар мен оқушыларды 1 қыркүйек Білім күнімен құттықтап, жаңа оқу жылына табыс тіледі.

**5 қыркүйек** «Жас ұлан» ұйымы жұмыстарының және аға тәлімгердің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылды. Жылдық жоспар жұмыс бағыттары бойынша жіктеліп, талаптарға сай жасалуы қадағаланды. «Жас ұлан» ұйымының мүшелерімен жиналыс өтті.

**9 қыркүйек** Тілдер апталығы аясында мектеп-лицейімізде «Пікірсайыс көрсетілім ойыны» атты сыныптан тыс іс-шарасы өткізілді. Мектебіміздің үздік пікірсайыс командалары дебат алаңына түсіп, өз позицияларын айқын қорғай білді.



Пікірсайысшылар «Қазақ тілін әлемге танымал етудің тиімді механизімін ұсыну» тақырыбында өз идеялары мен дайындаған кейстерін ортаға салды.

Ойынға екі команда қатысты. Үкімет тарапынан спикерлер: Серікбаева Қарақат пен Абылай Анель. Оппозиция фракциясында Серікбай Мөлдір мен Исмадиева Сабина. Іс-шараға 7-8-9 сынып оқушылары қатысты. Мектеп директорының м.а. Икласова С.Т. пікірсайысшыларға өз алғысын білдіріп, алғыс хатпен марапаттады. Іс-шараны ұйымдастырған мектепшілік дебат клубының тренері Нурмухаметов А.Н.

**21 қыркүйек** «Жас ұлан» ұйымының мүшелері арасында сенбілік өтті. Мектеп ауласын 2-11 сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге қоқыстан тазартты. Әр сынып бөлінген аймақтарға сенбілік жасады.



**1 қазан** «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік іс-шара өтті.

Мерекеге арнайы шақыртумен зейнеткерлер келіп, концерттік бағдарламаны тамашалады. Қариялар оқушылар мен ұстаздарға ізгі тілектерін білдіріп, батасын берді.

**6 қазан** Дублер күні өтті. Мақсаты: мектептегі өзін - өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. 11-сынып оқушылары өздерін 1 күн мұғалім сезініп, жауапкершілік алды. Күн соңында оқушылар алған тәжірибелерімен ой бөлістіп, аяғы мерекелік іс-шараға ұласты.




**18 қазан** бастауыш сыныптар арасында «Алтын күз» музыкалық сайысы өтті. Сайыс 4 кезеңнен тұрды: 1) Таныстыру, 2) Кім тапқыр, 3) Сурет көрмесі, 4) Өз өнері. 2-4 сынып оқушылары белсене қатысып, жүлделі орындарды иеленді.



**19 қазан** 1 сынып оқушыларымен «Күз кереметі» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар ең үздік суреттерін ұсынды. Сонымен қатар, 8-9 сыныптар арасында «Күз кереметі» онлайн бейнежазба сайысы өтті. Мақсаты: Күзгі табиғат аясында түсірілген бейнежазба түсіру. Бұл сайыста жүзден жүйрік болып шыққан 8 «Ә» сынып оқушылары марапатталды.



**21 қазан** мектеп президентін сайлау өтті. Мақсаты: балаларды қоғамдағы демократиялық қарым-қатынастардың негіздеріне үйретуде, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру. Сайлау нәтижесі бойынша ең көп дауыс жинаған 11-сыннып оқушысы Арқабаев Әділ мектеп президенті болып сайланды.



**23 қазан** өзін-өзі басқару орталығының мүшелерін тағайындау рәсімі өтті. Мектеп президентімен бірге оқуда озат, мектеп өміріне белсенді қатысатын оқушылар өзін-өзі басқару ұйымының мүшесіне сайланды.

**24 қазан** Республика күніне орай мектепшілік Әнұран айту флешмобы өтті. 1-11 сынып оқушылары сап түзеп Қазақстан Республикасының әнұранын орындады. Сондай-ақ «Менің Отаным Қазақстан» көрмесі ұйымдастырылды.




**15 қараша** Ұлттық валюта күніне орай мектеп оқушыларынан «Теңгеде кім бейнеленген?» тақырыбында сауалнама жүргізіліп, интернет желісіне сұрақ-жауап түріндегі видео түсірілді. Сауалнама арқылы оқушылардың теңге жайлы не білетіндерін және тарихи тұлғаларды қаншалықты жақсы танитындарын анықтадық. Сонымен қатар өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері «Ұлттық теңге- тәуелсіз Қазақстанның айшығы» тақырыбында викторина өткізді. Оған 8 сынып оқушылары белсене қатысып, қызықты мәліметтермен бөлісті. Викториналық сұрақтар қойылды, сөзжұмақ жасырылды, қызықты мәліметтер айтылды.



**21 қараша** мектебімізде мұғалімдер мен 11-сынып оқушылары арасында волейбол спорттық ойынынан жолдастық кездесу өтті. Ойын барысында мұғалімдер мен оқушылар өздерін көрсете білді. Ойынға мектебіміздің дене шынықтыру мұғалімі Белсеніс Жетписпай мен тәлімгер жауапты болды. Ойын нәтижесі бойынша 2-2 есебімен достық жеңіске жетті.




**1 желтоқсан** – Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні. Мектептің тәрбие жоспарына сәйкес, оқушылардың ЖИТС туралы білімін қалыптастыру, ЖИТС проблемасын түсіну, АИТВ-ға төзімділік және жұғу жолдары туралы білімдерін нығайту, инфекция және инфекциядан қорғау, жұқпалы аурулардан бойларын аулақ ұстауға, денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, салауатты өмір салтының ұстанымын қалыптастыру мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен метеп мейірбикесі "Өзіңді қорға!", "ЖИТС-не жол жоқ!" тақырыптарында әңгімелесу өтті.




**11 желтоқсан** ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 1-4 сынып оқушылары арасында «Мен және менің елім» суреттер көрмесі өтті. Оқушылар өздерінің ең жақсы салған суреттерін тақтаға ілді.

**15 желтоқсан** «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсімі өтті. «Жас Ұлан» ұйымына мектебіміздің 5 сынып оқушылары қабылданды. Іс-шара ән ұран айтумен басталды. Оқушылар АНТ қабылдап, ұйымға кірді. Мектебіміздің директоры Икласова С.Т. оқушыларға жылы лебізін білдірді және өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мектеп президентінің



басауымен ұйымға қабылданушыларға «Жас Ұлан» ұйымының төс белгісін тақты. Іс-шарамыз «Жас Ұлан» ұйымының ән ұранын айтумен аяқталды. «Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**26 желтоқсан** мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мектеп ұжымын, достарын, ата-аналарын жана жылдық мерекемен құттықтады. Оқушылар жүректен шыққан ізгі тілектерін айтып, жаңа жылдық көңіл күй сыйлады. 1-11 сынып оқушылары үшін «Жаңа жыл жаңа бақыт, жаңа табыс!» атты мерекелік іс-шара өтті. Мереке қарсаңында оқушылар түрлі ойындар ойнап, мерекеге байланысты ән мен билерін ұсынды.



**26 қаңтар 8 “Ә” сыныбы** Біртұтас тәрбие жоспары бойынша «ДОСБОЛЛІКЕ: Достық қолын ұсынып» акциясы негізінде өткізілген тәрбие сағаты. Тәрбие сағаттын мақсаты: “Дос” деген сөздің мағынасын ашу, “достық” туралы ұғымдарын кеңейту, дүниетаным, зерделеу қабілетін дамыту, жолдастық, достық қатынастарда әділетті, адам болуға, шыншылдыққа көпшілікке тәрбиелеу. Достасудан – бірлік, бірліктен – тірлік, тірліктен – жеңіс, қуаныш, бақыт туындайды. Сынып жетекшісі: Кажженова Б.Е



**30 қаңтар «ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ** аясында «Шеберлер қаласы» бағыты бойынша 8 “Ә” сынып оқушыларымен шахмат тақтасы жасалды.



**31 қаңтар «ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ** «Қызықты қонырау» 4 “Ә” сынып оқушыларымен «Қол мен аяқ іздері» ойыны. Қызықты қылып қол мен аяқ іздері арқылы балаларды шынықтырамыз. Сонымен қатар, «Қызықты қонырау» 4 “А” сыныбымен сулифа арқылы көңілді ойын өтті.

**3 ақпан** «ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ аясында 2 «В» сыныбымен «Іздер» қозғалыс ойыны және 3 «Б» сыныбымен «Кім бірінші?» қызықты ойыны өткізілді.



Қызықты қонырау 4 «В» сыныбымен «Yes, No». «Мен кім/немін?» ойыны және 4 «Б» сыныбымен «Қатып қал» ойыны өтті. Оқушылар риза болды. Бұл ойындар оқушылардың зейіні мен жылдамдығына арттыруға арналған.

«ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ аясында «Спорттағы досық» бағыты «Кім жылдам?» эстафеталық ойыны,



3 «Б» сыныбымен «Көтеріңкі көңіл күй» бағыты «Лента» ойыны, «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты Достық ағашы 4 «В» сынып оқушыларымен өтті.

**3 ақпан** 3 «Ә» сынып оқушылары викториналық сайыс өтті. Тақырыбы: «Мақал - сөздің азығы, жұмбақ - ойдың қазығы»

Мақсаты:

1. Оқушыларды ата — бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету;
2. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту;
3. Оқушыларды тапқырлыққа, даналыққа және ана тілін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

**13 ақпан** «ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» АКЦИЯСЫ аясында «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты: Достық тақтасы жасалды. Мектеп оқушылары өздерінің достарымен түскен суреттерін тақтаға жабыстырды.



**13 ақпан** “Ғасыр ақыны” атанған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған “Жырлайды жүрек” атты әдеби-сазды кеші өтті. Кеш барысында ақынның өмірбаяны таныстырылып, өлеңдері мен әндері көрермен назарына ұсынылды. Іс-шараға оқушылар мен ұстаздар белсене қатынасты.


Кештің мақсаты: қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту, ақынның өлеңдеріне арнап салынған қылқалам туындыларымен таныстыру. Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

**13 ақпан** күні Кеңес үкімет әскерлерінің Ауғанстаннан шығару күніне арналған кездесу өтті. Кездесуге жауынгер-интернационалист Умурзаков Камит Дайрбекович, Ахметов Жамбыл Кенжетасович шақырылды.

**7 наурыз** «Жас ұлан» ұйымның мүшелері «8- наурыз халықаралық әйелдер күні» мерекесімен оқушыларды, мұғалімдерді, аналарын шын жүректен құттықтау тілектерін жолдап, өз қолдарынан жасалған гүл шоқтары мен жағымды сөздер жазылған хаттарын сыйлап, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мерекеге орай ұйымдастырылған концерт өтті. Оқушылар өз таланттарын паш етті.

**14 наурыз** «Жас ұлан» ұйымы «Көрісу күні – амал мерекесі» кезінде ынтымақтастығымызды нығайтатын жылы бейнежазбалар түсірді. Бейнежазда амандасу түрлері көрсетіліп, құттықтау тілектері айтылды.

**19 наурыз** Ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамына орай мектеп парламенті «Дана қазақ» байқауын



ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушылардың бойындағы жақсы қасиеттерді, өнерді, білімді, сыртқа шығару. Халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту. Байқауға 7,8,9 сынып оқушылары қатысты. Байқау 7 кезеңнен тұрды. 1) Кім жүйрік, 2) Пазл құрау, 3) Және заттар, 4) Әннің атын тап, 5) Бұрымды қыз, 6) Қол күрес, 7) Өнер. Байқау өте қызықты өтті. Оқушылар бақтарына сай тиесілі бағаларын алып, мақтау қағаздарымен марапатталды.



**20 наурыз** «Әз-Наурыз армысын!» атты іс-шара өтті. Жауапты сыныптар қазақ халқының дәстүрлерін қойылым қою арқылы көрсетіп, көрермен көзайымы болды. Іс-шараға оқушылар қазақша би билеп, ән айтып, қазақ халқының ұлттық аспаптарына ойнап өнерлерін көрсетті.

**12-сәуір** ғарышкерлер күніне арналған мектепшілік «Менің ғаламшарым» сайысы өтті. Сайысқа 5-6 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар ойдан шығарылған ғаламшарларын таныстыру керек (ғаламшардың аты, тұрғындары, табиғаты, тұрмыстық тіршілігі, қорегі, ең басты мәселесі). Ең үздік, қызықты болған ғаламшарлар жүлделі орындарды иеленді.




**25 сәуір** «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Еко-Bolashak» жобалар сайысы өтті. Бұл сайысқа 7,8,10 сынып оқушылары белсене қатысты. Басты жұмыс макет жасау болды (3D немесе қағаздан). Критерий бойынша өзектілігі, пайдасы, фантазиясы, жобаны қорғау 5-10 балға дейін бағаланды. Сайыс нәтижесі бойынша 1 орын 10 «А» сыныбы, 2 орын 10 «Б» сыныбы, 3 орынды 8 «Ә» сыныпбы және «Үздік жоба» номинациясымен 8 «Б» оқушысы Диль Нелли иеленді.





**30 сәуір** күні «1 мамыр Қазақстан халықтарының Бірлігі күні!» мерекелік іс-шара өтті. Мектеп оқушылары әр түрлі халықтың ұлттық әндері мен билерін көрсетті. Бірлік туралы сахналық қойылым қойды.

**3 мамыр** «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында 1-4 сыныптар арасында «Туған өлкемнің бояулары» суреттер сайысы өтті. Сайыс нәтижесі бойынша үздік сурет иегерлері мақтау қағаздарымен марапатталды.



**5 мамыр** өзін-өзі басқару ұйымы «7 Мамыр - Қазақстан Қарулы күштері күні» мерекесіне арнап барша ерлер қауымына амандық, денсаулық тілеп, құттықтау сөздерін білдірді. Келе жатқан 9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне және 7 Мамыр - Қазақстан Қарулы күштері күніне арнап мерекелік концерт өтті. Концерт барысында оқушылар саптық марш көрсетіп, рух беретін әндер айтылды.



**25 мамыр** «Сыңғырла соңғы қонырау» салтанатты жиыны өтті. Соңғы қонырау әдеттегідей ҚР мемлекеттік әнұранынан басталды. Алғашқы сөз мектеп директоры Икласова С.Т. берілді. Әрі қарай мектеп директорының оқу- ісі бойынша меңгерушісі Мясникова Т.Б. беріліп, ол кісі мектебіміздің жыл бойғы жетістіктерін ортаға салды. Үздік оқыған оқушылар марапатталды. 9 сынып оқушыларына аттестат табысталды. Мерекеде сынып жетекшілер және ата-аналар да түлектерге деген көптеген тілектер мен ыстық ықыластарын айтты. 9-11 сынып оқушылары қимастық әндерін айтып, қоштасу вальсын биледі. Қорыта айтқанда, соңғы қонырау өте жоғары дәрежеде өтті.



*Аға тәлімгер: Орынбасар А.Г*



Мектеп директоры

Икласова С.Т